

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

2020 жылғы 03 ақпан

БЖЗК электронды үлгідегі қызметтерінің үлесі 80 пайызға жетті

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры электронды үлгіде көрсететін қызметтерді белсенді түрде енгізуде. Өткен жылы бұл бағытта жақсы көрсеткіштерге қол жеткізілді. Мысалы, салымшылар мен алушыларға көрсетілетін қызметтердің 80 пайыздан астамы, яғни 13,6 миллионнан астам қызмет цифрлық технологиялардың көмегімен орындалды. Бұл 2018 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 36 пайызға жоғары. Электрондық қызметтердің бірқатары жаңартылып, жетілдірілді. Солардың бірі – Қордың мобильді қосымшасы.

Қордың қазақ және орыс тілінде жұмыс істейтін мобильді қосымшасы арқылы жеке зейнетақы шотынан үзінді көшірме алуға, сондай-ақ зейнетақы активтері бойынша ағымдағы көрсеткіштерді, шарттардың деректемелерін, жаңалықтарды, Қор филиалдарының байланыс нөмірлері мен мекенжайларын көруге болады. Енді осы қызметтердің қатары жаңа мүмкіндіктермен толықты. Олар: болжамды зейнетақы калькуляторы, онлайн-бот және халықтың әлеуметтік тұрғыдан осал топтарына өтініш жасауға мүмкіндік беретін қызметтер. Бұл ретте зейнетақы калькуляторы арқылы болашақ зейнетақыны есептеуге мүмкіндік берілсе, онлайн-бот арқылы жиі қойылатын сұрақтарға жауап алуға болады. Бұдан басқа Push-хабарлама қызметі енгізілді. Оны пайдалану үшін ұялы қосымшаны ашып, «Баптау» бөліміне кірген соң, (push-хабарламаны қосу/өшіру) осы қызметті іске қоссаңыз болды. Сонда зейнетақы шотыңызға міндетті және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары келіп түскендігін экранда пайда болатын қысқаша хабарлама арқылы дер кезінде біліп отырасыз.

Танымал мессенджерлерге орнатылған сервистер де салымшылардың сұранысына ие болуда. Мысалы, Telegram мессенджері қажетті ақпараттарды алуға, қысқаша үзінді көшірмені электрондық поштаға жіберуге, Жеке кабинеттің паролін қалпына келтіруге, Қор жаңалықтарымен танысуға және оның бөлімшелерінің мекенжайын білуге мүмкіндік береді.

Бүгінде БЖЗК өзінің ресми сайты мен мобильді қосымшасы арқылы мынадай электрондық қызметтерді көрсетеді:

- 1) ерікті зейнетақы жарналары есебінен (өз пайдасына) зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасасу;
- 2) жеке деректемелерге, оның ішінде хабарлау тәсіліне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу;
- 3) жеке зейнетақы шотынан (ЖЗШ) үзінді көшірмені қарау;
- 4) ЖЗШ-дан үзінді көшірмені электрондық мекенжайға жіберу;
- 5) ЖЗШ бар болуы туралы анықтама алу;
- 6) ЖЗШ ашу туралы өтінішті/зейнетақымен қамсыздандыру туралы жаңа редакциядағы шартты («телнұсқа») алу;
- 7) I немесе II топтағы мүгедектік мерзімсіз болып белгіленуіне байланысты зейнетақы төлемдерін рәсімдеу туралы өтініш беру;
- 8) төлемдер және (немесе) қоныс аудару жөніндегі өтініштердің мәртебесін, яғни орындалу барысын қадағалау.

Айта кету керек, салымшылардың сұранысы бойынша ең жиі көрсетілетін қызмет: жеке зейнетақы шотынан үзінді көшірме беру. 2019 жылы үзінді көшірме электрондық үлгіде 13,5 миллион рет сұралған. Одан басқа, цифрлық технологиялардың көмегімен жеке деректемелерді өзгертуге 62,3 мыңнан астам өтініш және жеке зейнетақы шотын ашуға 5 мың өтініш қабылданып, хабарлау тәсілін белгілеу/өзгерту бойынша 31,5 мыңнан астам келісім рәсімделген. Басқа электрондық үлгідегі қызметтер бойынша да өсім байқалады.

Осылайша БЖЗҚ әрбір салымшыға қолжетімді жоғары технологиялық ұйым ретінде халыққа өз қызметін үздіксіз ұсынуда.

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).